

"Электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 3 шілдедегі № 304 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 12 шілдеде № 17191 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2022 жылғы 11 қарашадағы № 428/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 11.11.2022 № 428/НҚ (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 18) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған "Электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасы бекітілсін.

2. "Электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 158 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14492 болып тіркелген, 2017 жылғы 19 қаңтарда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

1. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпараттандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ақпарат және коммуникациялар министрі

Д. Абаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
міндетін атқарушы

М. Нургужин

2018 жылғы " __ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

Т. Сүлейменов

2018 жылғы " __ " _____

Қазақстан Республикасы
Ақпарат және
коммуникациялар министрінің
2018 жылғы 3 шілдедегі
№ 304 бұйрығымен
бекітілді

"Электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы "Электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасы (бұдан әрі – Үлгілік архитектура) "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 18) тармақшасына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысының жүйесін ескере отырып, жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен көрсетілетін қызметтерді іске асыруына, ұйымдық құрылымына, ақпараттар легіне, ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына қойылатын стандарттық құрамдастар мен талаптардың сипаттамасын білдіреді.

2. "Электрондық үкіметтің" сервистік интеграторы Үлгілік архитектураны "электрондық үкімет" архитектурасының құрамдасы ретінде дамытудың әдіснамалық қамтамасыз етуді жүзеге асырады және Үлгілік архитектураға, Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі № 159 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14492 болып тіркелген) бекітілген Мемлекеттік органдардың архитектураларын әзірлеу, іске асырылуын қолдап отыру және дамыту қағидаларына (бұдан әрі – Талаптар) сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттері негізінде жергілікті атқарушы органдар үшін мемлекеттік органдардың архитектурасын (бұдан әрі – архитектура) әзірлейді.

3. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – ЖАО) жергілікті атқарушы органның қызмет бағыттарын ескере отырып Үлгілік архитектураның енгізілуін қамтамасыз етеді.

4. ЖАО Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесіне және Үлгілік архитектураға сәйкес әзірленген аумақтарды дамыту бағдарламаларында белгіленген ақпараттандыру басымдықтарын ескере отырып, ақпараттық жүйелерді құрады немесе дамытады, бағдарламалық қамтылымды (бұдан әрі – БҚ) және (немесе) ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін сатып алады.

5. Осы Үлгілік архитектурада мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) ақпараттандыру индикаторлары – ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (бұдан әрі – АКТ) қолдану тиімділігі нәтижелерінің көрсеткіштері;

2) ақпараттық ресурстар – жекелеген құжаттар мен жекелеген құжаттар ауқымы, ақпараттық жүйелердегі (бұдан әрі – АЖ) (кітапханаларда, архивтерде, қорларда, деректер банкінде, АЖ) құжаттар мен құжаттар ауқымы;

3) жергілікті атқарушы органдар қызметінің тиімділігі көрсеткіштерінің базалық тізбесі (бұдан әрі – көрсеткіштердің базалық тізбесі) – аумақтарды дамытудың түйінді бағыттарының деңгейлерін көрсететін және жергілікті атқарушы органдар қызметі тиімділігінің көрсеткіштері болып табылатын аумақтарды дамыту бағдарламаларының біріздендірілген нысаналы индикаторлары мен нәтижелерінің көрсеткіштер жиынтығы.

Осы Үлгілік архитектурада пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және Заңға сәйкес қолданылады.

2-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың функциялары мен көрсетілетін қызметтерді іске асыруына қойылатын стандарттық құрамдастар мен талаптардың сипаттамасы

6. ЖАО өзіне:

стандарттық шешімдер ретінде көп рет пайдалануға жататын ақпараттық жүйелерді (немесе олардың бөліктерін);

үлгілік ақпараттық ресурстар мен ақпараттық ағымдарды;

ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы (бұдан әрі – АҚ-инфрақұрылым) құрамдастарының үлгілік құрамын қамтитын стандарттық құрамдастардың негізінде мемлекеттік функциялар мен олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді автоматтандырудың біркелкі біріздендірілген деңгейін қамтамасыз етеді.

7. ЖАО қызметінің архитектурасын әзірлеу мақсатында осы Үлгілік архитектураға 1-қосымшаға сәйкес функционалдық мүмкіндіктердің үлгілік жинағы (бұдан әрі – Функционалдық мүмкіндіктердің үлгілік жинағы) пайдаланылады.

8. ЖАО функционалдық мүмкіндіктерінің үлгілік жинағы әкімшілік-аумақтық құрылыс деңгейлері бойынша топтастырылған ЖАО мемлекеттік функциялары мен олардан туындайтын көрсетілетін мемлекеттік қызметтер тізбесін білдіреді.

ЖАО функционалдық мүмкіндіктерінің үлгілік жинағын әкімшілік-аумақтық бірліктің қызмет бағыттарын және әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып бейімдейді.

9. Ақпараттық жүйелердің нысаналы архитектурасын әзірлеу кезінде ЖАО функционалдық мүмкіндіктердің үлгілік жинағында көрсетілген функционалдық мүмкіндіктерді автоматтандырудың оңтайлы, стандарттық тәсілдерін пайдаланады және мынадай талаптарды басшылыққа алады:

1) орталық уәкілетті органның, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органның (бұдан әрі – ОМО) АЖ немесе тиісті функционалдық мүмкіндікті автоматтандыратын ведомствоаралық АЖ болған жағдайда, ЖАО оны өз қызметінде пайдаланады;

2) орталық уәкілетті органның АЖ немесе тиісті функционалдық мүмкіндікті автоматтандыратын ведомствоаралық АЖ болмаған жағдайда, ЖАО АЖ әзірлеуді жүзеге асырады, бұл ретте функционалдық мүмкіндіктердің үлгілік жинағында көрсетілген көлемде функционалдық мүмкіндіктерді автоматтандырады;

3) меншікті АЖ әзірлеу кезінде ЖАО функционалдық мүмкіндіктерді автоматтандырудың кез келген көрсетілген деңгейін таңдайды (бірнеше автоматтандыру деңгейі келтірілген функционалдық мүмкіндіктер үшін).

10. Үлгілік архитектураны енгізу шеңберінде әкімшілік-аумақтық бірліктерді ақпараттандыру жөніндегі іс-шаралар аумақтарды дамыту бағдарламаларында көрсетілетін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуының нысаналы индикаторларына қол жеткізу мақсатында жүргізіледі.

11. Әкімшілік-аумақтық бірліктердің ақпараттандырылуын, "электрондық әкімдіктің" үлгілік архитектурасын автоматтандыру мен енгізу процестерін мониторингтеуді жүзеге асыру үшін осы Үлгілік архитектураға 2-қосымшаға сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктерді ақпараттандырудың нысаналы индикаторларының үлгілік жинағы қолданылады.

12. Әкімшілік-аумақтық бірліктерді ақпараттандырудың нысаналы индикаторлары төмендегі санаттар бойынша топтастырылған:

1) ЖАО АК-инфрақұрылымы дамыту және ЖАО қызметтерін автоматтандыру дәрежесінің индикаторлары;

2) әкімшілік-аумақтық бірліктің тұрғындары арасында АКТ ену дәрежесін көрсететін тұрғындарды ақпараттандыру индикаторлары.

13. ЖАО АК-инфрақұрылымын дамыту және ЖАО қызметтерін автоматтандыру дәрежесінің индикаторлары халыққа мемлекеттік қызмет көрсету сапасының дәрежесін көрсететін "Мемлекеттік қызметтер" бағытының шеңберінде аумақтарды дамыту бағдарламасына енгізіледі. Аталған бағыт шеңберінде ЖАО мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасына интернет-ресурстардың көшуін және олардың дамуын қамтамасыз етеді, сондай-ақ бекітілген архитектураға сәйкес мемлекеттік функциялар мен олардан туындайтын қызметтерді автоматтандыратын АЖ-ны, сервистік бағдарламалық өнімдерді енгізуді жүзеге асырады және олар мен байланыс арналарының жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

14. Әкімшілік-аумақтық бірліктің тұрғындары арасында АКТ-ның ену дәрежесін көрсететін халықты ақпараттандыру индикаторлары ақпараттық қоғам мен инновациялық экономикаға көшу мақсатында әкімшілік-аумақтық бірліктің АКТ даму дәрежесін көрсететін "Инфрақұрылым" бағыты шеңберінде аумақтарды дамыту бағдарламасына енгізіледі. Осы топтағы индикаторларға қол жеткізу цифрлық сауаттылықты арттыруға, халық арасында электрондық түрдегі қызметтерді насихаттау мен танымал етуге, сондай-ақ ЖАО АК-инфрақұрылымын жаңғырту мен дамытуға бағытталған іс-шаралар арқылы жүзеге асырылады.

3-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың ұйымдық құрылымының сипаттамасы

15. ЖАО ұйымдық құрылымын құру Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 маусымдағы № 608 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару базалық құрылымына негізделеді.

16. ЖАО ұйымдық құрылымын қалыптастыру кезінде мыналар:

1) құрылымдық бөлімше функцияларының оның қызмет саласындағы міндеттеріне сәйкес болуы;

2) құрылымдық бөлімшелердің міндеттері мен функцияларының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өкілеттіктерге сәйкес болуы;

3) бір ЖАО құрылымы шеңберінде түрлі құрылымдық бөлімшелерде функциялар мен құзыреттердің қайталануын болдырмау

4) автоматизация есебінен жергілікті атқарушы органдар құрылымын оңтайландыру ескеріледі.

4-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ағымдарының сипаттамасы

17. ЖАО ақпараттық жүйелердің ықпалдасуы, ақпараттық ресурстарды ұсыну және жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық ағымдарын төмендету арқылы орталық атқарушы органдармен және Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдармен ақпараттық өзара іс-қимылды оңтайландыру мен біріздендіруді қамтамасыз етеді.

18. ЖАО деректер архитектурасын әзірлеу барысында Функционалдық мүмкіндіктердің үлгілік жинағында көрсетілген ақпараттық ресурстардың үлгілік жинағын пайдаланады.

19. ЖАО ақпараттық ресурстарының үлгілік жинағы ЖАО үлгілік ақпараттық ағымдарымен құрылатын ақпарат негізінде қалыптастырылатын мәліметтер мен құжаттар жинағының тізбесін білдіреді.

20. ЖАО үлгілік ақпараттық ағымдары:

1) ішкі;

2) сыртқы болып бөлінеді.

21. Сыртқы ақпараттық ағымдар бағыты бойынша:

1) кіріс;

2) шығыс болып бөлінеді.

22. ЖАО ақпараттық ресурстарының үлгілік жинағы Қазақстан Республикасының барлық әкімшілік-аумақтық бірлігі үшін ортақ болып табылатын деректер жинақтарын қамтиды.

ЖАО ақпараттық ресурстарының үлгілік жинағын әкімшілік-аумақтық бірліктің қызмет бағыттары мен әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктерін ескере отырып бейімдейді.

23. "Электрондық үкіметтің" ықпалдастыру контурының төмендегі құрамдастары ЖАО электрондық ақпараттық ресурстарында жүргізілетін объектілер мен субъектілер туралы мәліметтердің түпкі дереккөзі болып табылады:

1) мемлекеттік жүйе құрушы (эталондық) деректер базалары – "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы, "Заңды тұлғалар" мемлекеттік деректер базасы, "Жылжымайтын мүлік тіркелімі" мемлекеттік деректер базасы;

2) бірыңғай нормативтік-анықтамалық ақпараттың ақпараттық жүйесі.

24. Жеке және заңды тұлғалардың мекенжайлары туралы мәліметтерді ЖАО АЖ-де жүргізу мекенжай тіркелімінің жүйе құрушы деректер базасы деректерінің негізінде жүзеге асырылады.

25. ЖАО өз құзыреті шегінде:

1) ЖАО-ның электрондық ақпараттық ресурстарын өңдеу, қорғау және оларға қол жеткізу режимі мен қағидаларын белгілейді;

2) электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау, көшірме жасау және тарату кезінде оларға иелік ету шарттарын айқындайды.

26. ЖАО ОМО-ға төмендегі тәсілдердің бірі арқылы меншікті электрондық ақпараттық ресурстарына қол жеткізуді ұсынады:

1) электрондық почтаны пайдаланумен және сәйкестендіру нөмірін көрсетумен немесе электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжат түрінде не ЖАО-ның өзге белгіленген тәсілдерімен электрондық ақпараттық ресурстарға қол жеткізу жөніндегі ОМО сұрау салуды алу арқылы;

2) пайдаланушының жалпыға қолжетімді электрондық ақпараттық ресурстарға, ақпараттық жүйелерге тікелей жүгінуі арқылы.

27. ЖАО Заңның 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес жеке және заңды тұлғаларға ашық деректердің интернет-порталы арқылы ашық деректерді ұсынады.

5-тарау. Жергілікті атқарушы органдардың ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының сипаттамасы

28. ЖАО АК-инфрақұрылымының архитектурасын әзірлеу мақсатында осы Тарауда көрсетілген АК-инфрақұрылымы құрамдастарының үлгілік құрамын пайдаланады.

29. ЖАО АК-инфрақұрылымы құрамдастарының үлгілік құрамы:

1) ЖАО-ның қамтамасыз етуші қызметін автоматтандыруға арналған АЖ және мемлекеттік қызметтерді көрсетуді автоматтандыруға немесе ақпараттық қолдауға және оларды іске асыру ерекшеліктері нақты жергілікті атқарушы органға тән мемлекеттік функцияларды орындауға арналған АЖ;

2) АК-инфрақұрылымының үлгілік құрамдастары – технологиялық функцияларды атқаратын бағдарламалық-техникалық кешендер мен құралдар;

3) "электрондық үкімет" инфрақұрылымының құрамдастары.

30. ЖАО АК-инфрақұрылымының үлгілік құрамдастарына:

1) жалпы пайдаланымдағы жұмыс станциялары – пайдаланушының тікелей жұмысына, оның ішінде қажетті перифериялық жабдықты қоса алғанда, серверлік қуаттылыққа қашықтықтан қол жеткізу режимінде арналған есептеуіш

техника құралдары, оның ішінде жекелеген жұмыс орындарында орналастырылатын принтерлер мен сканерлер, жалпыжүйелік БҚ, АЖ қатысы жоқ әмбебап пайдаланымдағы БҚ;

2) деректерді өңдеу орталықтарының құрамына кірмейтін серверлік жабдық – деректерді өңдеудің технологиялық және аумақтық жекелендірілген орталықтарында орналастырылмаған серверлер және сервер топтары, сондай-ақ олардың жалпы жүйелік БҚ, олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін қажетті технологиялық жабдық (тіреулер, шкафтар, коммутаторлар, үздіксіз қоректендіру көздері);

3) деректерді басып шығару мен көшірмесін жасау құралдары – желілік принтерлер мен сканерлер, сканерлейтін, көшірме жасайтын, басып шығаратын құрылғылар кешендері;

4) ішкі телекоммуникациялық инфрақұрылым – мемлекеттік органның орынжайларында деректерді беруді қамтамасыз ететін жергілікті есептеуіш желілер мен өзге де техникалық және бағдарламалық құралдар;

5) сыртқы байланысты қамтамасыз ететін телекоммуникациялық инфрақұрылым – сыртқы мобильді кешендермен, құрылғылармен, желілермен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін техникалық және бағдарламалық құралдар; Интернетке қол жеткізуді қамтамасыз ету құралдары; бейнеконференцбайланыс жатады.

31. ЖАО пайдаланатын "электрондық үкімет" инфрақұрылымының құрамдастары:

1) сыртқы контурда:

"электрондық үкіметтің" веб-порталы;
мобильді үкіметтің ақпараттық жүйесі;
"электрондық үкіметтің" төлем шлюзі;

2) ықпалдастыру контурында:

дербес деректер мен анықтамалық ақпаратты жинауды, сақтауды, есепке алуды, беруді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер;
стандарттық шешімдер;
"электрондық үкіметтің" шлюзі;

3) АҚ-инфрақұрылымында:

мемлекеттік органдардың бірыңғай көлік ортасы базасындағы мемлекеттік органдардың телекоммуникациялық желісі;
деректерді өңдеу орталықтарының желісі;

4) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін:

"электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілері ақпараттық қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне мониторинг жүйесі;
ашық кілттер инфрақұрылымы.

32. АК-инфрақұрылымы құрамдастарының үлгілік құрамынан басқа ЖАО мыналарды:

1) азаматтардың өтініштеріне жедел жауап беру арқылы олардың ЖАО-мен өзара іс-қимылын ұйымдастыру үшін Байланыс орталықтарының жұмыс істеуін қамтамасыз ететін;

2) "ақылды қалаларды" дамыту шеңберіндегі бастамаларды іске асыруға арналған мамандандырылған бағдарламалық-аппараттық кешендерді қолданады.

Байланыс орталықтарының бағдарламалық-аппараттық кешені Байланыс орталықты басқарудың бағдарламалық қамтылымын орнатуға арналған серверлерді, байланыс операторын желіге қосуға арналған шлюздерді, сөйлесу құрылғыларын (гарнитураларды, IP-телефондарды), сондай-ақ электрондық почта арқылы өзара іс-қимылды, хабарлармен жедел алмасу жүйесін қолдауға арналған БҚ қамтиды.

"Ақылды қалаларды" дамыту шеңберінде құрылатын шешімдердің бағдарламалық-аппараттық кешендері серверлік жабдық пен ақпаратты жинау мен талдаудың БҚ-дан басқа, фото- және бейне бақылау құралдарын, көлік ағындарының бергіштерін, жол жүру қозғалысының бұзылуын тіркеу бергіштерін, су мен газдың ағып кету бергіштерін, коммуналдық ресурстарды есепке алудың зияткерлік құралдарын, LED-шамдары бар жеке басқарылатын шамдарды, тегін Интернетті ұсынуды қамтамасыз етуге арналған коммутаторлар мен бағыттауыштарды және өзге мамандандырылған аппараттық құралдарды қамтиды.

33. ЖАО Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 20 желтоқсандағы № 832 қаулысымен бекітілген ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптарында көзделген ЖАО АК-инфрақұрылымына қойылатын функционалдық емес талаптардың іске асырылуын қамтамасыз етеді.

34. Сервистік интегратор әкімшілік-аумақтық бірліктерді ақпараттандыруды іске асыру шеңберінде қажеттілікке қарай ЖАО архитектурасын іске асыру шеңберінде АК-қызметтеріне қажеттілік көлемі туралы хабарламаны АК-инфрақұрылымы операторына жібереді, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 129 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13282 болып тіркелген) бекітілген Ақпараттандырудың сервистік моделін іске асыру қағидаларына сәйкес ЖАО-ға арналған сервистік бағдарламалық өнімдерді жасауды ұйымдастырады.

"Электрондық әкімдіктің"
үлгілік архитектурасының
талаптарына
1-қосымша

Жергілікті атқарушы органдардың функционалдық мүмкіндіктерінің үлгілік жинағы

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.04.2021 № 142/НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз); 24.11.2021 № 406/НҚ (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2022 № 352/НҚ (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

1-бөлім. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана

Ескерту. 1-бөлімнің тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 21.04.2021 № 142/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

	Функционалдық мүмкіндік	Функция	АЖ	Автоматтандыру тәсілі	Ақпараттық ресурс	Құрылымдық бөлімше
1.		жергілікті бюджеттердің орындалуын қамтамасыз етеді		Бюджет жобасын дайындау және жинақтау, қаржыландыру жоспарларын, мемлекеттік сатып алу жоспарларын құру және жинақтау, қаржыландыру жоспарларының орындалуын талдау және бақылау процестерін автоматтандыру		ЭҚБ
2.		жергілікті бюджетті әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді				ЭҚБ
3.		бюджеттік бағдарламаларды жоспарлауды, негіздеуді, іске асыруды және нәтижелерге қол				АШБ

		жеткізуді жүзеге асырады			
4.		денсаулық сақтаудың бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің функцияларының жүзеге асырады			ДБ
5.	Бюджетті басқару	бюджеттік өтінімдерді, төлемдер және бағдарламалар мен кіші бағдарламалар бойынша міндеттемелер бойынша қаржыландыру жоспарларының, тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алулардың жылдық жоспарларының әзірлейді	ЖБЖ АЖ		ӘА
		облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің қызметін байланыс құралдарымен, ақпараттық есептеуіш және ұйымдастыру			

6.	техникасымен қамтамасыз ету, ақпараттық жүйелерді құру, оларды пайдалану және жөндеу жөніндегі бағдарламалардың әкімшісі функциясын орындайды			ӘА
7.	тиісті қаржы жылының бірінші тоқсанына арналған жергілікті қаржылық жоспарды бекітеді			ӘҚБ
8.	уәкілетті органның бастамасы бойынша мониторингілеу объектілерін тікелей зерттеуге, меншіктің мемлекеттік мониторингі мәніне қатысты ақпаратты жинауға және талдауға қатысу үшін өкілдерді жібереді	МММ ЭДҚ (Мемлекеттік мүлік тізілімі АЖ)		ӘҚБ
9.	меншіктің мемлекеттік мониторингінің жүзеге асыру үшін қажетті ақпаратты уәкілетті			ӘҚБ

	<p>органға ұсынады</p>			
10.	<p>жер қойнауын мемлекеттік геологиялық зерттеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған жобалық сметалық құжаттаманың сараптамасын қоспағанда, кең таралған пайдалы қазбалар бойынша, барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарды салуға және (немесе) пайдалануға жобалық құжаттардың сараптамасын жүргізуді ұйымдастырады</p>	<p>Кең таралған пайдалы қазбалар бөлігінде жер қойнауын пайдалану құқығын беру жөніндегі конкурстарды жүргізуді автоматтандыру.</p> <p>Жер қойнауын пайдалану саласындағы рұқсаттар туралы мәліметтерді алу бөлігінде ЕЛ МДҚ АЖ-мен ықпалдастыру.</p> <p>Жер қойнауын пайдаланушылардан есептілікті қабылдауды қоса алғанда, жер қойнауын пайдалану жөніндегі шарттарды орындауды келісу, тіркеу және есепке алу және мониторинг бойынша процестерді автоматтандыру</p>		ТРБ
11.	<p>облыс аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және өндірушілердің тізбесін құруды жүзеге асырады</p>		<p>Облыс аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және өндірушілердің тізбесі</p>	ТРБ

12.	<p>кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың орындалуын немесе қолданысының тоқтатылуын қамтамасыз етеді</p>				ТРБ
13.	<p>кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттардың қолданысын қайта жаңарту туралы шешім</p>				ТРБ

	<p>жобаларын дайындауды жүзеге асырады</p>			
14.	<p>кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған келісімшарттық міндеттемелердің орындалуына мониторингі және бақылауды жүзеге асырады</p>			ТРБ
	<p>жер қойнауын пайдаланушымен келісімшарттардың талаптары туралы келіссөздер жүргізеді және жер қойнауын пайдаланушымен бірлесіп кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе</p>			

15.	өндіруге және барлаумен немесе өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салуға және (немесе) пайдалануға арналған жобалық құжаттарды дайындауды жүзеге асырады				ТРБ
16.	Жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы қызметті ұйымдастыру	жер қойнауын пайдаланушыға кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге құқық беруге арналған конкурстарды дайындайды және ұйымдастырады		Жер қойнауын пайдаланушыға кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға немесе өндіруге құқық беруге арналған конкурстар туралы мәліметтер	ТРБ
	Жер қойнауын зерделеу және пайдалану саласындағы қызметті ұйымдастыру	тауарлардағы, жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі, кадрлардағы жергілікті қамту мен аумақтарды әлеуметтік дамыту, оның ішінде жер қойнауын пайдалану			

17.	<p>жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімі бөлігінде жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарттық міндеттемелерді орындауының мониторингін жүзеге асыруға қатысады</p>				ТРБ
18.	<p>жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде пайдаланылатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізілімін құру мен жүргізу мақсатында құзыретті органға облыстың</p>				ТРБ

	аумағында өндірілетін тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің және оларды өндірушілердің тізбесі бойынша ақпаратты тоқсан сайын ұсынады			
19.	жер қойнауын пайдалану жөніндегі келісімшарттарды қарайды және экономикалық қорытынды береді			ЭҚБ
	жер қойнауын пайдалану мақсаты үшін (өндіру, бірлесіп барлау мен өндіру, барлаумен және өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистралдық құбырларды, мұнай мен газды қайта өңдеу			

20.

объектілерін,
жаңартылат
ын энергия
көздерін
пайдалану
жөніндегі
объектілерді
салу (қайта
жаңарту)
үшін,
индустриялы
қ-инновация
лық қызмет
субъектілері
н і н
индустриялы
қ-инновация
л ы қ
жобалары
үшін, басым
инвестициял
ы қ
жобаларды
іске асыру
үшін жер
учаскелерін
беру, ерекше
қорғалатын
жергілікті
маңызы бар
табиғи
аумақтарды
құру және
кеңейту,
сондай-ақ
пайдалы
қазбалар кен
орындарын
тапқан кезде
және оларды
өндіруге
магистралды
қ
құбырларды
салу (қайта
жаңарту)
үшін жер
учаскелерін
мәжбүрлеп
иеліктен
шығару
бойынша
облыстың ()
республикал

ЖҚБ

		ық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының ұсыныстары н және шешім жобаларын әзірлейді			
21.		жер қойнауын пайдаланумен байланысты, экологиялық, ғылыми, тарихи-мәдени және рекреациялық маңызы бар объектілердің сақталуына жәрдемдеседі			ТРБ
22.	ТКШ саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету	Мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйге немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың тұрғын үй беру туралы шешім қабылдауы (тек Алматы және Астана	ЭҮП, ӨЭҮШ АЖ	Тұрғын үй қорынан берілген тұрғын үйдің бар немесе жоқ екенін жергілікті атқарушы органның тексеруіне келісімі көрсетілген коммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке қою туралы өтініштер тізілімі. Кезектегі реттік нөмірі көрсетілген, есепке қою туралы хабарламалар тізілімі. Тұрғын үй қорынан тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу тізілімі	

		қалалары үшін)				ЭТК ШБ
23.		тұрғын үй көмегін тағайындау (тек Алматы және Астана қалалары үшін)			Тұрғын үй көмегін алуға өтініштер тізілімі Тұрғын үй көмегін тағайындау туралы хабарламалар тізілімі Оларға тұрғын үй көмегі тағайындалған тұлғалардың тізілімі	ЭТК ШБ
24.		"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптармен комммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді Қазақстан Республикасы азаматтарының меншігіне беруді жүзеге асырады		Өтініштерді қабылдау, қарау, шешімдерді құру, келісу және беру процестерін автоматтандыру	Комммуналдық тұрғын үй қорынан тұрғын үйді азаматтардың меншігіне беру туралы мәліметтер	ЭТК ШБ
25.	ТКШ саласындағы өзге де қызметтерді көрсету	"Тұрғын үй қатынастары туралы" 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңның 32-бабының 2-2-тармағында көзделген жағдайда, кондоминиум объектісіне техникалық паспорттарды дайындау			Кондоминиум объектісіне техникалық паспорттың дайындау жөніндегі	

		жөніндегі шығындар орнын бюджет қаражаты есебінен толтыруын қамтамасыз етеді		шығындар орнын толтыру туралы мәліметтер	ЭТК ШБ
26.		ауызсумен жабдықтаудың баламасыз көздері болып табылатын сумен жабдықтаудың ерекше маңызды топтық және жергілікті жүйелерінен ауызсу беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялауды жүзеге асырады		Суды пайдаланушылардың (халықтың) тізбесі Су пайдаланушылары кесіндісінде субсидиялауды ескере отырып, суды тарифтері бойынша беру жөніндегі нақты көрсетілген қызметтердің жинақтық тізілімі	ЭТК ШБ
27.		кондоминиум объектісін басқару органдарының тұрғын үй қорын сақтау және пайдалану жөніндегі қызметін бақылау бойынша тұрғын үй инспекциясының жұмысын	1-деңгей: бақылау субъектілерін және объектілерін есепке алуды, тексеру жоспарларын, жүргізілген тексерулерді, берілген ұйғарымдарды, ӘҚБ туралы істерді, актілерді, шағымдануларды автоматтандыру. 2-деңгей: Бақылау/мониторингілеу, есептілік негізінде камералдық бақылау субъектілерінен есептілікті қабылдау процестерін автоматтандыру. Бақылау субъектілеріне тәуекелдік дәрежесін беру, тексерулерді жоспарлау, тексерулер бойынша құжаттарды құру және келісу, бақылау		

	ұйымдастыр ады	субъектілеріне хабарламаларды, ұйғарымдарды электрондық түрде жолдау процестерін автоматтандыру. Тексерулерді және ӘҚБ хаттамаларын тіркеу бөлігінде ҚСЖАЕК АЖ-мен ықпалдастыру.	ЭТК ШБ
28.	тұрғын үй қорын басқару саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады		ЭТК ШБ
29.	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілеріндегі 0,07 мега Паскальдан астам қысыммен немесе 115 Цельсий градустан асатын судың қайнау температура сы кезінде жұмыс істейтін қауіпті техникалық құрылғылардың, жүк көтергіш механизмдердің, эскалаторлардың, аспалы жолдардың, фуникулерлердің, лифттердің қауіпсіз пайдаланылу		

		ы н бақылауды жүзеге асырады		ЭТК ШБ
30.	ТКШ саласындағы мониторинг ілеу, бақылау және қадағалау	тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларының тізілімі	ЭТК ШБ
31.		тұрмыстық баллондарды және газбен жабдықтау жүйелерінің объектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына бақылауды жүзеге асырады		ЭТК ШБ
32.		тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газ тұтынушы жүйелерін және газ жабдықтарын қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтауына бақылауды жүзеге асырады		ЭТК ШБ
		тұтынушылардың жылу пайдаланаты		

33.	н құрылғылар ы н пайдалануын ж ә не техникалық жай-күйін бақылауды жүзеге асырады				ЭТК ШБ
34.	ж ы л у желілерін дайындауды ж ә не жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жүзеге асыруды ж ә не олардың күзгі-қысқы кезеңде жұмыс істеуін бақылауды жүзеге асырады				ЭТК ШБ
35.	ж ы л у желілеріндегі (магистралдық, орамшілік) технологиялық бұзушылықтарға тергеу-тексеруді жүргізеді				ЭТК ШБ
36.	өз құзыреті шегінде мемлекеттік мекемелердің энергияны тұтыну нормативтерін сақтауына мониторинг жүргізуді жүзеге асырады			Мемлекеттік мекемелердің энергияны тұтыну нормативтерін сақталуына мониторингі бойынша мәліметтер	ЭТК ШБ

37.	Тұрғын үй қорының пайдалану және жалпыға бірдей пайдаланылатын жерлерді	кондоминиумдердің құрамына енгізілмеген жалпыға бірдей пайдаланылатын жерлерді бюджет қаражаты есебінен күтіп-ұстау бойынша шараларды қолданады		Азаматтардың жүгінулерін қабылдауды, ақаулық актілерін, жөндеуге/пайдалануға арналған өтінімдерді тіркеуді автоматтандыру. Желілерді жоспарлы жөндеуді келісу процестерін автоматтандыру.		ЭТК ШБ
38.	күтіп-ұстау, инженерлік коммуникацияларды пайдалану жөніндегі	тұрғын үй қорын сақтау және тиісті түрде пайдалану жөніндегі іс-шаралардың ұйымдастыруды қамтамасыз етеді				ЭТК ШБ
39.	дегі қызметті ұйымдастыру	жылу желілерін (магистралдық, орамшілік) жоспарлы жөндеуді келіседі		Желілерді (магистральдық, орамшілік) жоспарлы жөндеу туралы мәліметтер		ЭТК ШБ
40.		облыс аумағында сұйытылған мұнай газын өткізу және тұтыну туралы мәліметтерді жинауды жүзеге асырады		Әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында сұйытылған мұнай газын өткізу және тұтыну туралы мәліметтерді жинауды автоматтандыру. Сұйытылған мұнай газын тұтынуды талдау және болжау процестерін автоматтандыру	Облыс аумағында сұйытылған мұнай газын өткізу және тұтыну туралы мәліметтер	ЭТК ШБ
41.	Сұйытылған мұнай газын	облыс аумағында сұйытылған мұнай газын өткізу және тұтыну туралы				

	тұтынудың мониторингi және болжау	мәліметтерді уәкілетті органға ұсынады			ЭТК ШБ
42.		облыс аумағында сұйытылған мұнай газын тұтыну болжамын құрады		Облыс аумағында сұйытылған мұнай газын тұтыну болжамы	ЭТК ШБ
43.		облыс аумағында сұйытылған мұнай газын тұтыну болжамын уәкілетті органға ұсынады			ЭТК ШБ
				Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз теңгерімінде кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік төлқұжатын алуға өтініштер тізілімі Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз теңгерімінде кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары	

44.	<p>энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа дайындығы</p> <p>Энергияның үнемдеу және энергияның тиімділігін арттыру саласындағы рұқсат беру қызметі</p>	ЭҮП, ЕЛ МДҚ АЖ	<p>электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік төлқұжатын беруден бас тарту немесе төлқұжатты немесе оның күшін жою туралы хабарлама</p> <p>Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз теңгерімінде кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік төлқұжаттар тізілімі</p> <p>Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз теңгерімінде кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік төлқұжаттар беруден бас тарту</p>	ЭТК ШБ
-----	--	----------------	--	--------

				немесе төлқұжатты немесе оның күшін жою туралы хабарлама	
45.		110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталама (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытындыны береді		110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталама (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытындыны беруге өтініштер тізілімі 110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталама (шунтталатын) электр беру желілері мен шағын станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытындылар тізілімі	ЭТК ШБ
46.		жергілікті спорт федерацияларының аккредиттеу	Өтініштерді қабылдау, қарау, шешімдерді құру, келісу және беру процестерін автоматтандыру.	Спорт федерацияларын аккредиттеуді жүргізуге өтініштер тізілімі Спорт федерациясының аккредиттеуді өткені туралы куәлігі	ДШС Б
		Қазақстан Республикасының спорт шеберіне кандидат, 1 разрядтағы спортшы спорттық			

47.	<p>Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсету</p> <p>разрядтарды және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі спорттық санаттарын беру</p>			<p>Спорттық разрядты тағайындауға өтініш Спорттық разрядты тағайындау туралы куәліктер, біліктілік санатты тағайындау туралы куәліктер тізілімі</p>	ДШС Б
48.	<p>спортшыларға мынадай спорттық разрядтарды тағайындайды: Қазақстан Республикасының спорт шеберіне кандидат, 1 разрядтағы спортшы</p>			<p>Спортшыларға спорттық разрядтарды тағайындау туралы мәліметтер</p>	ДШС Б

49.	<p>тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында дене шынықтыруды және спортты дамыту бойынша ақпаратты жинауды және талдауды жүзеге асырады</p>	<p>1-деңгей: Дене шынықтыру және спорт саласындағы ұйымдарды және құрылыстарды, спорттық-көпшілік жарыстар мен іс-шараларды есепке алуды автоматтандыру.</p> <p>2-деңгей: Ведомстволық бағынысты ұйымдармен өзара іс-қимыл (спорт жағынан дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттарының үлгілік оқу жоспарларын келісу, құрама командалардың тізімін құру және бекіту және т.б.) жөніндегі бизнес-процестерді автоматтандыру.</p> <p>3-деңгей: Үлгілік шешімдер арқылы дене шынықтыру мен спортты дамыту бойынша ақпаратты жинауды және талдауды автоматтандыру.</p>	<p>Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында дене шынықтыруды және спортты дамыту жөніндегі мәліметтер</p>	<p>ДШС Б</p>
50.	<p>тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында дене шынықтыруды және спортты дамыту жөніндегі ақпаратты дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға ұсынады</p>			<p>ДШС Б</p>
	<p>облыс, республикалық маңызы бар қала, астана</p>			

51.	аумағында д е н е шынықтыру- спорттық ұйымдардың қызметін үйлестіреді				ДШС Б
52.	д е н е шынықтыру- сауықтыру ж ә н е спорттық құрылыстард ы пайдалануды үйлестіреді				ДШС Б
53.	өңірлік және жергілікті аккредиттелг ен спорт федерацияла рының ұсыныстары бойынша спорттық-бұ қаралық іс-шаралард ың бірыңғай өңірлік күнгізбесін бекітеді және оның іске асырылуын қамтамасыз етеді			Спорттық-бұқаралы қ іс-шаралардың бірыңғай өңірлік күнгізбесі	ДШС Б
54.	с п о р т түрлері, оның ішінде ұлттық, техникалық ж ә н е қолданбалы түрлері, бұқаралық с п о р т бойынша, сондай-ақ ардагер-спор тшылар арасында республикал ық және (немесе)			Спорт түрлері, оның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы түрлері, көпшілік спорты бойынша, сондай-ақ ардагер-спортшыла р арасында республикалық және (немесе) жергілікті аккредиттелген с п о р т	

		жергілікті аккредиттелген спорт федерацияларымен бірлесіп спорттық жарыстарды жүргізеді		федерацияларымен бірлесіп жүргізілген спорттық жарыстар туралы мәліметтер	ДШС Б
55.		спорт түрлері бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қалалық, астаналық құрама командаларының дайындауды және олардың республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға қатысуын қамтамасыз етеді			ДШС Б
56.	Денешынықтыру және спорт саласындағы қызметті ұйымдастыру	тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қамтамасыз етеді			ДШС Б
57.		жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша және жаппай демалу орындарында спортпен айналысу үшін		Жеке тұлғалардың тұрғылықты жері бойынша және жаппай демалу орындарында спортпен айналысу үшін	

	айналысуы үшін инфрақұрылым құрады	құрылған инфрақұрылым туралы мәліметтер	ДШС Б
58.	білім беру ұйымдарының спорт ғимараттарына сабақтан тыс және кешкі уақытта халық үшін спорт секцияларының жұмысын қамтамасыз ету және спорттық іс-шаралар өткізу мақсатында пайдалану жөнінде шаралар қолданады		ДШС Б
59.	спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттар үшін спорт түрлері бойынша білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын іске асырады		ДШС Б
60.	ресми дене шынықтыру және спорт іс-шараларын медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастырады		ДШС Б

61.	дене шынықтыру және спорт іс-шараларын өткізу кезінде қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді				ДШС Б
62.	Олимпиада, Паралимпиада және Сурдолимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерінің тұрғын үймен қамтамасыз етеді			Олимпиада, Паралимпиада және Сурдолимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлерінің тұрғын үймен қамтамасыз ету туралы мәліметтер	ДШС Б
63.	спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттардың үлгілік оқу жоспарлары келіседі				ДШС Б
64.	аккредиттелген өңірлік және жергілікті спорт федерацияларының ұсыныстары бойынша спорт түрлері бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың			Спорт түрлері бойынша облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың құрама командаларының тізбелері	

	құрама командаларының тізімдерін қалыптастырады және бекітеді			ДШС Б
65.	спорт мектептеріне "мамандандырылған", спорт мектептерінің бөлімшелеріне "мамандандырылған" мәртебелерін береді			ДШС Б
66.	басым дақылдарды өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіспен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да	Ауыл шаруашылығындағы өтініштерді беру және оларды қарау, субсидияларды есептеу және оларды беруді бақылау процестерін автоматтандыру	Басым дақылдарды өндіруді және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге шығын құнын субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіспен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалды құндылықтардың құнына субсидия алуға өтініштер тізілімі. Басым дақылдарды өндіруді және ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге шығын құнын субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің	АШБ

		тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын субсидиялау		шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіспен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнына берілген субсидиялар туралы мәліметтер	
67.		агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстарының бір бөлігінің орнын толтыру бойынша субсидиялау		Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстардың бір бөлігінің орнын толтыруға өтінімдер тізілімі Агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар кезінде жұмсаған шығыстарының бір бөлігінің орнын толтыру бойынша берілген субсидиялар туралы мәліметтер	АШБ
68.	Ауыл шаруашылығын	агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау		Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялауға өтініштер тізілімі Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде берілген субсидиялар тізілімі	АШБ

69.	<p>субсидиялау</p> <p>агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасын субсидиялау</p>		<p>Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасына субсидия алуға өтініштер тізілімі</p> <p>Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарға есептелген қосылған құн салығы шегінде бюджетке төленген қосылған құн салығы сомасына берілген субсидиялар тізілімі</p>	АШБ
	<p>облыстың агроөнеркәсіптік кешенін мынадай бағыттар бойынша субсидиялады жүзеге асырады:</p> <p>астықты қайта өңдеу ұйымдарына ішкі нарықты реттеу мақсатында олар сатып алатын мемлекеттік өткізілетін және мемлекеттік тұрақтандыру астық</p>		<p>Облыстың агроөнеркәсіптік кешенін мынадай бағыттар бойынша субсидиялауды алуға өтініштер тізілімі:</p> <p>астықты қайта өңдеу ұйымдарына ішкі нарықты реттеу мақсатында олар сатып алатын мемлекеттік өткізілетін және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары астығының құнын ішінара өтеу;</p> <p>отандық ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу үлесін ұлғайту;</p> <p>қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін оның терең өңдеу өнімдерін өндіру үшін сатып алуға жұмсаған</p>	

70.	ресурстары астығының құнын ішінара өтеу; отандық ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу үлесін ұлғайту; қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін оның терең өңдеу өнімдерін өндіру үшін сатып алуға жұмсаған шығындарын субсидиялау			шығындарын субсидиялау. Мынадай бағыттар бойынша субсидиялар алу туралы мәліметтер: астықты қайта өңдеу ұйымдарына ішкі нарықты реттеу мақсатында олар сатып алатын мемлекеттік өткізілетін және мемлекеттік тұрақтандыру астық ресурстары астығының құнын ішінара өтеу; отандық ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеу үлесін ұлғайту; қайта өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін оның терең өңдеу өнімдерін өндіру үшін сатып алуға жұмсаған шығындарын субсидиялау	АШБ
71.	тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен		Өтініштерді қабылдау, қарау, шешімдерді құру, келісу және беру процестерін автоматтандыру	Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды сенімхатпен жүргізетін тұлғалардың тізілімі. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді,	АШБ

	Ауыл шаруашылығында	механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды сенімхатпен жүргізетін тұлғаларды тіркеу	өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналарды сенімхатпен жүргізетін адамдарды тіркеуге өтініштер тізілімі	
72.	ғы мемлекеттік қызметтерді көрсету	тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеуге өтініштер тізілімі. Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс	Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеуге өтініштер тізілімі. Тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс	АШБ

	жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу		машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың кепілін мемлекеттік тіркеу туралы тіркелген куәліктердің (телнұсқалардың) тізілімі	
73.	агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеу		Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдарды аккредиттеуге өтініштер тізілімі Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы дайындаушы ұйымдардың тізбесі	АШБ
74.	тракторлардың және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерінің, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерінің, сондай-ақ		Тракторлардың ауыртпалығы жоқтығы (болуы) туралы ақпаратты беруге өтініштер тізілімі Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу тізілімінен үзінді көшірмелер тізілімі	АШБ

		жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналардың ауыртпалығы жоқтығы (болуы) туралы ақпаратты беру			
75.		тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәлік беру		Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына куәліктерді алуға өтініштер тізілімі. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығына берілген өтініштер тізілімі. Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін	АШБ

				ауыл шаруашылығы , мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жүргізу құқығы бар адамдар тізілімі	
76.	АӨК саласындағы рұқсат беру қызметі	тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер , өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы , мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер , сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгі беру	ЭҮП, ЕЛ МДҚ АЖ	Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы , мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжатын (телнұсқасын) және мемлекеттік нөмірлік белгіні алуға өтініштер тізілімі Тракторлар және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдер, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы , мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдер, сондай-ақ өтімділігі жоғары арнайы машиналар үшін тіркеу құжаттарының (телнұсқалардың) және мемлекеттік нөмірлік белгілердің тізілімі	АШБ
				Тракторлардың және олардың базасында жасалған	

